## 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362 (құпия), 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 376, 377, 378, 379, 380, 381-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 355-ҚОСЫМША

Ескерту. 355-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2007 жылға арналған "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

**1. Құны** : 2 369 741 мың теңге (екі миллиард үш жүз алпыс тоғыз миллион жеті жүз қырық бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ; "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23

шілдедегі Заңының 21-24-баптары ; "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; "Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы ; "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысы ; " Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысы ; "Өлшем құралдарын шығару және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 маусымдағы N 867 қаулысы ; " Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауға жататын өнімнің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; "Сапа саласындағы конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысы ; "Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қарашадағы N 1222 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 148 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 321 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 392 қаулысы ; "Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі№718 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканы әртараптандыру және жаңғырту негізінде елдің тұрақты дамуын, өнімнің бәсекеге қабілетті түрлерін шығару үшін жағдай жасауды және экспорттың өсуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) индустриялық дамудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде барынша терең технологиялық қайта бөлістер мен шикізат ресурстарын тиімді пайдалануды енгізу негізінде елдің индустриялық дамуы үшін жағдайлар жасау;
2) елдің ғылыми-техникалық және инновациялық дамуының мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде ғылыми-технологиялық әзірлемелерді (ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану) енгізу және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасының дамуы үшін жағдайлар жасау;
3) ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру;
4) құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту және реформалау үшін жағдайлар жасау;
5) техникалық реттеуді және өлшем бірлігін дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру;
6) сауда қызметін дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде теңгермелі кеден-тарифі саясатын жүргізу мен тауарлардың импорты кезінде ішкі рынокты қорғау және ұлттық сауда режимін ырықтандыру деңгейін ұлғайту жолымен отандық өндірісті дамыту және қолдау үшін жағдайлар жасау;
7) Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде сауда қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау;
8) кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың және бәсекелестікті қорғаудың мемлекеттік саясатын, оның ішінде монополистік қызметті шектеу және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу, сондай-ақ ғылыми-техникалық саладағы кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнімнің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау жолымен қалыптастыру;
9) мемлекеттік қорғаныс тапсырысы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау;
10) экономиканың шикізаттық емес секторында инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
11) өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзегі асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | | Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 1. Метрология және сертификаттау, бәсекелестікті қорғау, тұрғын үй құрылысы, инвес-тицияларды қолдау, инновациялық даму, сауда қызметі саласында бақылауды жүзеге асыру. 2. Лицензиарлар-дың функцияларын орындау. 3. Инвестиция-ларды мемлекеттік қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің қызметін қамтамасыз ету. 4. Шағын кәсіпкер-лікті мемлекеттік қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу. 5. Республикалық және халықаралық деңгейдегі сауда көрмелеріне, жәрмеңкелерге, семинарларға қатысуды және оларды өткізуді ұйымдастыру жолымен қазақстан-дық тауарларды экспортқа жылжыту-ға жәрдемдесу, сондай-ақ отандық тауар өндірушілер-ді қорғау жөнін- | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дегі шараларды іске асыру.<br>6. Бәсекелестікті қорғау саласын-дағы саясатты жетілдіру.<br>7. Жер қойнауын пайдалану және сарапшылық рәсім-дер жобаларында қазақстандық қатысудың мониторингі. | | Индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 1. Техникалық реттеу және метро-логая және бәсеке-лестікті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.<br>2. Оларды өткізу саласында сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қада-ғалауды жүзеге асыру үшін тауар үлгілерін сатып алу және сынау. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметші-лердің біліктілі-гін арттыру | Мынадай 4 тақырып бойынша мемлекет-тік қызметшілер-дің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу:<br>1) монополияға қарсы саясат шеңберінде халық-аралық тәжірибені зерттеу,<br>2) қаржылық нарықтар,<br>3) бюджетті жоспарлау,<br>4) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және жүргізу.<br>Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту.<br>Халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторлар | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | атағына мамандар-ды оқыту және шетелде тағылымда-мадан өткізу. | | министр-лігі |
| 5 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтан-дыру | Орталық аппарат пен оның аумақтық бөлімшелерін материалдық-техни-калық жарақтан-дыру. Техникалық регла-менттер мен стан-дарттардың мемле-кеттік қорын, Саудадағы техни-калық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша ақпараттық орта-лықты материалдық-техникалық жарақтандыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 6 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Техникалық құрал-дарды, шығыс мате-риалдарын, жинақ-таушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу; Интернет желісіне ену қызметтерін сатып алу; есептеу техника-сының құралдарына қызмет көрсету; ақпараттық жүйе-лерді және веб-сайтты сүйемелдеу; лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 7 | | 100 | Шет елдегі сауда өкілдік-терінің қызметін қамтамасыз ету | Ресей Федерация-сында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда сала-сындағы мүдделе-рін білдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекет-тері арасындағы сауда-экономикалық | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | байланыстарды дамытуға жәрдемдесу. | | министр-лігі |
| 8 | | 101 | Қазақстан-ның Дүние-жүзілік сауда ұйымына кіруі | Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі мәселелері бойынша саясатты әзірлеуде және жүргізуде орталық және жер-гілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету. Кредиторлық берешекті өтеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1) индустриялық-инновациялық даму мәселелері жөнінде семинар мен тренингтер жүргізу;
2) сапа менеджменті жүйесін оқыту және жақсарту жөніндегі консалтингтік қызметтерді сатып алу;
3) мыналарды өткізу: кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін көздерді анықтау және Қазақстанның барынша қабілетті әлемнің 50 елінің қатарына кіруі үшін кедергілерді жою жөніндегі нақты шараларды әзірлеу мақсатымен халықаралық сарапшыларды тарта отырып, талдау; өңірлерде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мәселелері бойынша семинарлар өткізу; әдістемелік құралдар мен журнал шығару; Қазақстандағы кәсіпкерлікті насихаттайтын бейне фильмдерін дайындау және оларды Қазақстанның телеарналарында орналастыру;
4) ИСО 9001:2000 Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін, оның ішінде, аумақтық бөлімшелерде сапа менеджментінің жүйесін қолдау және жақсарту;
5) сертификатталған сапа менеджменті жүйесін, оның ішінде аумақтық бөлімшелерде инспекциялық бақылау жүргізу;
6) мына конкурстарды өткізу: "Алтын сапа" конкурс көрмесі мен "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің кемінде 120 конкурсантына сыйлығы;
7) кемінде 45 ұйымды аккредиттеу;
8) кемінде 10080 бірлік тауар үлгілерін сатып алу және оларды сынау;
9) жарнамалық-ақпараттық өнімді басу, веб-сайтқа сервистік қызмет көрсету, өңірлік және халықаралық семинарларды, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырыстарын өткізу;
10) Қазақстан Республикасының Үрімші қаласындағы (Қытай) Халықаралық жалпы салааралық көрмеге қатысуы; Қазақстан Республикасының ұлттық көрмелерін және Ауғанстан мен Ресей Федерациясының (шекара маңы аудандары) іскер топтарымен кездесулер өткізу; республика өңірлеріне шетелдік сарапшыларды тарта отырып,

сыртқы нарықтарға қазақстандық тауарларды экспорттық жылжыту және сауданы дамыту мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер және оқу курстарын өткізу; тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолданудың халықаралық тәжірибелерін зерделеу, тауарларды экспортқа жылжытуға жәрдемдесу, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің сыртқы нарықтардағы экономикалық мүдделерін қолдау ;

"Дайын отандық өнімнің үздік экспорттаушысы" және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығын беруге конкурс-көрме өткізу;

11) тауар нарықтарын зерттеу;

12) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қатысу бөлігінде келісім-шарт міндеттемелерінің орындалу мониторингі, оның ішінде:

- сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге қазақстандық қатысу бөлігіндегі жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттық міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу;

- 2007 жылға арналған сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің көлемі жөніндегі мердігерлердің жыл сайынғы жұмыс бағдарламалары мен бюджеттердің, қазақстандық қатысудың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі мердігерлер жасайтын шарттардың жобаларына сараптаманы жүзеге асыру;

- бірыңғай тізілімнің web-порталын Интернет жаһандық ақпараттық желісіне шығаруды қамтамасыз ету және оған отандық өндірушілер мен жер қойнауын пайдаланушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;

13) тауар үлгілерін сатып алу, сатып алынған өнімге сынақ жүргізу;

14) жабдықпен және өлшем құралдарымен жасақталған 19 жылжымалы зертханаларды құру;

15) мемлекеттік тілге кемінде 293 мемлекеттік қызметшілерді, оның ішінде аумақтық бөлімшелердің кемінде 137 адамын оқыту;

16) кемінде 66 адамды ағылшын тіліне оқыту;

17) кемінде 53 мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде, аумақтық бөлімшелердің 16 адамының біліктілігін деңгейін арттыру;

18) халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудитор атағына кемінде 10 адамды оқыту және тағылымдамадан өткізу;

19) 2006 жылы оқыған кемінде 10 адамды тағылымдамадан өткізу және оларды халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторларға кандидаттардың халықаралық тізілімінде тіркеу;

20) Министрлікті материалдық-техникалық жарақтандыру;

21) ақпараттық-техникалық және технологиялық бағдарламалық қамтамасыз ету: шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу; телекоммуникациялық қызметтерді (Интернет) сатып алу; есептеу техникасы

құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу; жергілікті міндеттер мен ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу; веб-сайтты сүйемелдеу; есептеу және телекоммуникациялық қамтамасыз етуді, ұйымдастыру техникасын сатып алу; лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;
22) кәсіби аудармашылардың қызметтерін сатып алу, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру процесі туралы телебағдарламалар мен сюжеттерді дайындау және трансляциялау; материалдарды аудару; веб-сайтты сүйемелдеу; Дүниежүзілік сауда ұйымының хатшылығымен және Жұмыс тобына мүше елдермен (шамамен 40 ел) халықаралық байланыс қызметтерін, Интернетті сатып алу; өкілдік шығыстар; Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру процесі туралы телебағдарламалар мен сюжеттер шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу.
Түпкі нәтиже: мемлекеттің мүдделерін және тұтынушыларды сапасыз өнімнен қорғауды қамтамасыз ету;
өлшеулердің барлық түрлерінің шын есебін қамтамасыз ету;
әртүрлі елдердің калибрлеу сынақ зертханалары өткізетін сынақ нәтижелерін өзара тану;
қазақстандық сертификаттарды шетелдерде тану;
ақпараттық жүйе техникасына қызмет көрсету;
электронды жеткізгіштердегі нормативтік құжаттар мен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ақпаратты өңдеу және тарату;
Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың ДСҰ хатшылығымен, ИСО, Халықаралық электротехникалық комиссиясымен (ХЭК), ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО және ХЭК халықаралық ұйымдардың стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерімен, техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен шұғыл ақпарат алмасу жөніндегі ақпараттық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі;
ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК, ДСҰ-ға мүше елдермен және техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен тұрақты байланысты ұстау үшін бірыңғай ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуіне арналған жағдайлар жасау;
Қазақстан бизнес қоғамдастығын қазақстандық өнімнің әлем нарығындағы бәсекеге қабілеттігін артыру үшін сауда техникалық кедергілер және санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ДСҰ-ның келісімдеріне сәйкес консультация жүргізу және ақпаратпен қамтамасыз ету;
мемлекеттік техникалық регламенттерге талдау жүргізу және әзірлеу үшін аударылған техникалық регламенттермен және айғақ базасының стандарттарымен қамтамасыз ету;
сауда техникалық кедергілер және санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың, оның ішінде ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК,

ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО және ХЭК халықаралық ұйымдардың стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерімен, техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен шұғыл ақпарат алмасу жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің қалыпты жұмыс істеуі; ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК, ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО және техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен тұрақты байланысты ұстау үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік желісінің жұмыс істеуіне арналған жағдайлар жасау; Қазақстандағы мемлекеттік органдарға, бизнес қоғамдастығына және мүдделі тараптарға консултация жүргізу және қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру, экспортқа жылжыту мен экспорт кезінде тиімді бәсекелестік үшін өнімнің сапасын және процестерін жақсарту үшін ДСҰ-ның сауда техникалық кедергілер және санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі келісімдеріне сәйкес ақпаратпен қамтамасыз ету; Қазақстандағы кәсіпкерлікті насихаттау және шағын кәсіпкерлік субъектілері санының одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасау.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау саласында: жарнамалық-ақпараттық сипаттағы өнімді жинаудың, талдаудың және таратудың толықтығы; шығарылатын басылымдардың Қазақстан аумағында қолданыстағы әдістемелік, нормативтік және заңнамалық актілерге сәйкестігі.

Қазақстандық тауарларды экспортқа жылжыту саласында: отандық тауар өндірушілерінің алыс және жақын шетелдік компаниялармен тиімді келісім-шарттар және шарттар жасасуы (бұрын өткізген көрмелердің тәжірибесіне сүйене отырып, көрмеге қатынасқан кәсіпорындардың 50%-дан астамы шетелдік компаниялармен ынтымақтасу туралы шарттар жасайтынын атап кету қажет); қазақстандық тауар өндірушілердің экспорттық жылжыту мәселелері бойынша хабардар болушылығын артыру, дайын өнім экспортындағы отандық тауар өндірушілерді ынталандыру, отандық тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау және сыртқы сауда дауларын реттеу.

Бәсекелестікті қорғау саласында: тауар нарықтарының шоғырлану деңгейін, 18 тауар позициясы бойынша тауар нарықтары құрылымдарының көрсеткіштерін айқындау, тауар нарығына кіру және шығу кедергілерін айқындау, бәсекелестікті қорғау саласындағы саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

Жер қойнауын пайдалану және экспорттық рәсімдер жобаларындағы қазақстандық қатысу мониторингі: "Отандық тауар өндірушілер мен жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі" ақпараттық жүйесіне қатысушыларды ұлғайту және 100 пайдаланушы - жер қойнауын пайдаланудың сервистік нарығының электрондық сауда-саттықтардың жасалуын қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдаланудың сервистік нарығында электрондық сауда-саттық жасау; жер қойнауын пайдаланудың сервистік нарығында қазақстандық қатысу үлесі туралы

деректерді шұғыл алуды және жүйелік проблемаларды айқындау мақсатында олардың талдамалық өңдеуін қамтамасыз ету, талдамалық және статистикалық функцияларды қосу бөлігінде жұмыс істеушілікті ұлғайту және электрондық үкіметпен одан әрі ықпалдасу. Жұмыс істеушілікті жетілдіру және ұлғайту. Мүдделі отандық өндірушілер мен жер қойнауын пайдаланушыларды тарта отырып, бірыңғай тізілімді тесттік пайдалану. Жер қойнауын пайдалану жобаларына қазақстандық қатысуды ұлғайту жөнінде кемінде 4 көшпелі облыстық семинар өткізу.
БЭҚАЖ-дың үздіксіз жұмысын, жүйенің дер кезінде енгізілуі мен пайдаланылуын қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: "Алтын Сапа" республикалық көрме жәрмеңкесінің 1 қатысушысын тартуға кететін орташа шығын 187 мың теңгені құрайды;
1 аттестациялық зерттеу жүргізуге кететін орташа шығын 24,1 мың теңгені құрайды;
бір мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілді оқытуға кететін орташа шығын кемінде 24 мың теңгені құрайды, ағылшын тілін оқытуға кететін орташа шығын кемінде - 23 мың теңгені құрайды;
бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін кететін орташа шығын кемінде 15,7 мың теңгені құрайды;
халықаралық деңгейдегі 1 сарапшы-аудиторды оқытуға және шетелде тағылымдамадан өткізуге орташа шығын кемінде 1806,4 мың теңгені құрайды;
2006 жылы оқыған халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторға 1 кандидаттың тағылымдамасына кететін орташа шығын кемінде 886 мың теңгені құрайды;
аударма жұмыстарының 1 маманына кететін орташа шығын айына 83 теңгені құрайды.
Уақттылығы: техникалық тапсырмаға (ерекшелікке) және жасалған шарттарға сәйкес жүктелген функцияларды уақтылы орындау.
Сапасы: техникалық реттеудің халықаралық тәжірибесіне көшу, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін артыру және оның әлемдік нарыққа ықпалдасуы үшін жағдайлар жасау;
Қазақстанның аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға кіруі;
жұмыстардың уақытылы орындалуы, Нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың мемлекеттік қоры ақпараттық жүйесінің сапалы жұмыс істеуі;
инвестициялық ахуалды жақсарту, өндірістің жаңа түрлерін және басқарудың қазіргі заманғы әдістерін игеру;
қызметтің басымды түрлерінде инвестицияларды тиімді пайдалану;
кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілік деңгейін арттыру;
мемлекеттік тілді оқыту курстарын өтуден кейін мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 31%;
ағылшын тілін оқыту курстарынан өтуден кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 9%;

біліктілікті арттыру курстарын өтуден кейін жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 19%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
356-ҚОСЫМША

Ескерту. 356-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға кредиттер беру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 23 800 000 мың теңге (жиырма үш миллиард сегіз жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықты қалың жігіне тұрғын-үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын-үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- нарық тарапынан және сол сияқты сұраныс тарапынан»теңгерілген толыққанды тұрғын-үй нарығын құру;
- халықтың қалың жігі үшін ипотекалық кредит беруге және тұрғын-үй құрылыс салымдарына қолжетімділігін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | Бағ-дар- | Кіші бағ- | Бағдарлама-ның | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N р/с | лама коды | дар-лама коды | (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне тұрғын үй салуға кредиттер беру | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары-ның бюджеттеріне тұрғын үй салуға және сатып алуға республикалық бюджеттен 23 800 000 мың теңге сомасында кредит-тік қаражаттар аудару. Тұрғын үй салу және сатып алу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

- күтілетін пайдалануға енгізілетін кредиттік және/немесе сатып алынған тұрғын-үй 1,025 млн.ш. метрді құрайды;
- нарық тарапынан және сол сияқты сұраныс тарапынан да теңгерілген толыққанды тұрғын-үй нарығын құру.

Түпкілікті нәтиже:
- барлығы республика бойынша тұрғын-үй құрылысының көлемі 6,5 млн. ш. метрді құрайды;
- тұрғын-үй құрылысын дамыту проблемаларын шешу.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі:
- инвестициялық салымдардың тиімділігін арттыру және жаңа қазақстандық сметалық нормативтер жүйесі арқылы қаржылық қаражаттардың жұмсалуын оңтайландыру;
- құрылыс қызметінен бюджетке салықтарды, оның ішінде мүлік салығын, құрылыс саласындағы қызметкерлерден табыс салығын жинауды ұлғайту;
- бір-біріне байланысты салаларда құрылыс материалдары өнеркәсібінің, электротехникалық, металлургиялық және химиялық өнеркәсібінің, сондай-ақ жаңа үйді жайластыру заттары өнімін шығаруды ұлғайту есебінен мультипликативтік әсер.

Уақтылығы:
- тұрғын үйлерді пайдалануға енгізудің жыл сайынғы өрлеу қарқыны бойынша үш жылдың ішінде тұрғын-үйдің жалпы алаңының 17,5 млн. ш. метрден астамы салынады және/немесе сатып алынады;
- 45 мыңнан астам адамға жаңа жұмыс орындарын құру;
- бастапқы тұрғын-үй нарығы және инвестициялық процесс одан әрі дамитын болады.

Сапасы:
- тұрғын-үй қорының қолайлығын жасқарту;
- қалалардың және басқа елді мекендердің сәулетті келбетін жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
357-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Мырғалымсай кен орны кеніштерін жою"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 249619 мың теңге (екі жүз қырық тоғыз миллион алты жүз он тоғыз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Кентаукеніштерінжою" республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 қарашадағы N 1488 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Кентау, Түркістан қалаларының өңірлерінде және оған іргелес жатқан 20-дан астам елді мекендерде экологиялық апаттың алдын алу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : "Глубокий" кенішінің Клетьев діңгегінен Кентау қаласының оңтүстік-батыс ауданына суағар қазбасының өткіні бойынша және Баялдыр қалдықсақтауышын тоқтату және қалпына келтіру бойынша жобаларға сәйкес жұмыстарды жүзеге асыру.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 003 | | Мырғалымсай кен орны кеніштерін жою | I. Баялдыр қалдықсақтауышы (1-ші кезек - 142 га). 1. Жер жұмыстары (29,0 га). 2. Орманды алқапты құру (14,0 га). II. Су ағар қазбасы. 1. "Глубокий" кенішінен бастап Кентау қаласының оңтүстік-батыс ауданына дейін су ағар әзірлеу (750 м. тау жынысы), атап айтқанда: су ағар қазбасында темір бетон науа-шасының құрылысы; 2. Басқа да жұмыс-тар және шығындар, атап айтқанда: - Клетьев ұңғысы-ның су ағар қазба-сымен қатарлас монтаждау жұмыстары; - қазбадағы қалдық суды сорып шығару үшін 3 кв. 2 сораптарын монтаждау. III. 1. Жер бетін және жер асты суларын бақылау жөнінде өндіріс-тік мониторингі. 2. Пайдалану шығыстары. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: 2007 жылы "Глубокий" кенішінен Кентау қаласының оңтүстік-батыс ауданына суағар қазбасының өткіні бойынша жобаларға сәйкес жұмыстың жалпы көлемінен 4,7%-ға сәйкес келетін көлемде жұмыс, 100% жобаны іске асыруды бастаудың барлығы орындалатын болады;
2007 жылы Баялдыр қалдықсақтауышын консервациялауды жалғастыру жөніндегі жұмыстар жоба бойынша жұмыстардың жалпы көлемінен 44,5%-ға сәйкес келетін көлемде, 100% жобаны іске асыруды бастаудың барлығы орындалатын болады.
Түпкі нәтиже: Кентау, Түркістан қалаларының өңірлеріндегі және оған іргелес жатқан 20-дан астам елді мекендердегі тұрғын үй массивіне және ауыл шаруашылығы

алқаптарына улы шандардың түсуінің ең аз қатері.
Қаржылық-экономикалқ нәтиже: халық пен ұйымдарға зиянды өтеуге арналған бюджеттік қаражатты міндетті бөлуді талап ететін мүмкін болатын жағдайдың туындауының алдын алу.
Уақтылығы: күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес.
Сапасы: ЖСҚ-ға сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
358-ҚОСЫМША

Ескерту. 358-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

233-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері"**
**деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 30 500 000 мың теңге (отыз миллиард бес жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы; "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықты тиісті тұру жағдайларымен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жеке тұрғын үй құрылысы аумақтарын және көп пәтерлі тұрғын үйлерді инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | Бағ-дар- | Кіші бағ- | Бағдарлама-ның | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N р/с | лама коды | дар-лама коды | (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне инженерлік-коммуника-циялық инфрақұры-лымды дамытуға және жайласты-руға берілетін нысаналы даму трансферт-тері | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жеке тұрғын үй құрылысы және көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін инженерлік-комму-никациялық желілерді салуға және тұрғын үйлер сатып алуға арналған республи-калық бюджеттің трансферттерін беру. Жеке тұрғын үй құрылысы және көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін инженерлік-комму-никациялық желілерді салу және/немесе тұрғын үйлер сатып алу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдік-тері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: пайдалануға берілетін және/немесе тұрғын үйлер сатып алу есебінен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды кемінде 1870 шақырымды құрайды.
Түпкі нәтиже: жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлердің құрылыс аумағына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды тарту және/немесе тұрғын үйлер сатып алу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуға және тұрғын үйлер сатып алуға арналған болжамды шығыстар 1 шақырымға 16 млн.теңгені құрайды.
Уақтылығы: Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды пайдалануға берудің кестесіне сәйкес.
Сапасы: тұрғын үйлерді салу аумақтарының қажеттіліктеріне инженерлік-коммуникациялық объектілердің коммуналдық және басқа да қызметтерінің толық сәйкестігі;
СНжЕ-ге сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
359-ҚОСЫМША
233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 73020 мың теңге (жетпіс үш миллион жиырма мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 12-бабы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі 28 және 29-баптары ; "Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысы ; "Мемлекет басшысы Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 2 наурыздағы N 43-ө өкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : адамның толыққанды мекен ету және өмір қызметін қалыптастыру; құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырмалары өнеркәсібінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :
- болуы мүмкін бұзушылық жер сілкіністерінен сейсмикалық тәуекелді және залалды төмендету;
- импорт алмастырушы құрылыс материалдарының, бұйымдарының, құрастырмаларының өндірістері технологияларының жаңа түрлерін алу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | Бағ-дар- | Кіші бағ- | Бағдарлама-ның | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N р/с | лама коды | дар-лама коды | (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | I. Екі өтпелі тақырыптар бойынша болуы мүмкін бұзушылық жер сілкіністерінен сейсмикалық тәуекелді және залалды төмендету саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу:<br>1) Қазақстанның сейсмикалық аудандарындағы тұрғын үйлерді жергілікті құрылыс материалдарымен (саман, қожкүл-блоктар) жобалау, салу және күшейту жөніндегі нұсқама-ларды әзірлеу;<br>2) Ғимараттардағы инженерлік-сейсмо-метрикалық қызмет станциясы аспап-тарына жаңғырту жүргізу және өлшеудің цифрлық жүйесін енгізу.<br>Бір жаңа тақырып бойынша:<br>төзімділігі жоғары бетондарды және болаттарды қолданумен қоса қабаттары жоғары ғимараттардың қабырғалық құрылымдарының сейсмикалық тұрақтылығын зерттеу, сейсми-калық өңірлер үшін қабаттары жоғары ғимараттар-ды жобалау бойынша нұсқаулар әзірлеу.<br>II. Үш өтпелі тақырыптар бойынша | | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 005 | | Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | құрылыс индустриясының базасын дамытуды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде):<br>1) Құрылыс материалдары өнеркәсібінің шикізаттық базасын кешенді бағалауды орындау және зерттеу жүргізу;<br>2) Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырмаларының жаңа өндірістері үшін стандарттарды, нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттарды әзірлеуді ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;<br>3) Құрғақ құрылыс қоспалары, бетондар, ерітінділер мен бояғыштар үшін химиялық қоспаларды шығару жөніндегі кешенді зерттеулерді және тәжірибелік-конс- | Қаңтар-желтоқсан | Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | трукторлық жұмыс-тарды жүргізу. III. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу жөніндегі қызметтерді төлеу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 2005 жылы басталған 2 тақырып бойынша және 2006 жылы басталған 3 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зертеулерді аяқтау; 1 жаңа тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді бастау.
Түпкі нәтиже: жер сілкінісінен мүмкін болатын зиянды азайту, жаңа технологиялармен және нормативтік құжаттармен құрылыс индустриясының базасын дамытуды қамтамсыз ету, тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарын шығаруды дамыту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 2820,0 мың теңгеден 24000,0 теңгеге дейін құрайды.
Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес жыл бойы.
Сапасы: қолданбалы ғылыми зерттеулер нәтижелері ғылыми-техникалық өнімнің халықаралық талаптармен сәйкестігі, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың оң қорытындысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220қаулысына
360-ҚОСЫМША

233-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1222492 мың теңге (бір миллиард екі жүз жиырма екі миллион төрт жүз тоқсан екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2006-2008 жылдарға арналған әр түрлі мақсаттағы перспективалық жаңа материалдарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі N 274 қаулысы ; "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар жасаудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 703 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" атты 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауы ; "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : технологияларды және жабдықтарды жетілдіру мен өнеркәсіптің қайта өңдеу салаларында жаңа өндірістерді құруға бағытталған отандық ғылыми әзірлемелер негізінде отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бәсекеге қабілетті өнімді шығару жөніндегі тәжірибелік өндірістерді ұйымдастыруды қоса алғанда, машина жасау, аспап жасау, тау-кен ісі және металлургия, химия мен фармацевтика саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | I. 2 ғылыми-техникалық бағдар-лама бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу:<br>1. "2006-2008 жылдарға арналған Әртүрлі мақсат-тағы перспектива-лық жаңа материал-дарды әзірлеу";<br>2. "2004-2007 жылдарға арналған Инфекцияға қарсы жаңа препараттарды жасау";<br>II. Мына салаларда 14 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізу:<br>- машина жасау: | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1. "Жүк көтерушілігі 125, 160 және 200 тонналық бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған ұтқыр бұрғылау кешендерін әзірлеу және жаңғырту, бірегей элементтер мен конструкциялар өндірісінің технологиясын игеру"; 2. "Кен орындарынан мұнайдың қалдық қорын алуға арналған әдістерді, технологияларды және құрылғыларды әзірлеу. CALS-технологияларын автоматтандырған жобалау жүйесін және негіздерін жасау"; 3. "Темір жол цистерналарында қатып қалған мазутты сұйытуға арналған ұтқыр өнімділігі жоғары қондырғы жасау"; 4. "Базальт жынысының ерітіндісін алу үшін плазмалық электр магниттік реакторды әзірлеу, дайындау және сынау"; - аспап жасау: 5. "Қазақстан Республикасының өнеркәсіп салалары үшін технологиялық процестердің жаңа әдістері мен бақылау және басқару құралдарын әзірлеу"; 6. "ТКӘ және оларды одан әрі жаппай өндіру үшін поликапиллярлық оптика негізінде | | Қазақстан Республикасы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 006 | | Технология-лық сипат-тағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | жаңа рентгендік аспаптардың ұқсас үлгілеріне сертификаттық зерттеулер жүргізу";<br>- тау-кен ісі және металлургия:<br>7. "Қазақстанның минералдық және техногендік шикі-затын қайта өңдеу жөніндегі жаңа сирек металл өнді-рісін жасау үшін технологиялар әзірлеу";<br>8. "Қазақстан Республикасының тау-кен металлур-гиялық кешені үшін жаңа технология-ларды тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау";<br>- химия және фармацевтика:<br>9. "Жүннің жума суларынан жүн майын алудың және ланолинді стерин спиртін терең қайта өңдеу технологияларын әзірлеу";<br>10. "Минералдық және қайталама шикізатын тыңайытқышқа, пигменттерге, сорбенттерге және сирек металдарға кешенді қайта өңдеу технология-сын әзірлеу";<br>11. "Практикалық медицина және ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін жаңа отандық дәрілік құралдар мен өсімдік өсімі-нің реттегішін алудың әдістері мен технологиясын әзірлеу";<br>12. "Органдық-минерал- | Қаңтар-желтоқсан | Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дық тыңайытқыштар мен өсуді ретте-гіштерді алу";<br>13. "Жақсартылған пайдалану сипатта-малары бар оттан қорғау жабындарын өндіру үшін техно-логиялық негіздер-ді әзірлеу";<br>14. GMP стандарт-тары бойынша "Арглабин" және "Салсоколлин" фитопрепараттары-ның капсулденген нысандарының технологиясын оңтайландыру және тәжірибелік-өнер-кәсіптік партиясын алу.<br>III. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер төлемі | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: I бөлімнің іс шаралары бойынша:
1) жартылай өткізгіш материалдар, наноматериалдар, қорытпалар мен композициялық материалдар алу саласында ҒЗТКӘ жүргізілді;
2) жүйелік әрекет ететін инфекцияға қарсы жаңа препарат жасалды.
II бөлімнің іс-шаралары бойынша:
1) көлденең және еңістік бұрғылауды, ұңғыларға күрделі жөндеу жүргізуге мүмкіндік беретін мұнай және газ ұңғыларын бұрғылауға арналған жүк көтерушілігі 125, 160 және 200 тонналық жаңғыртылған, ұтқыр бұрғылау кешендерінің тәжірибелік үлгісінің жұмыс жобалық-конструкторлық құжаттамасы әзірленді;
2) машиналар мен тетіктерді автоматтандырған жобалау бағдарламалық кешені әзірленді. Өнеркәсіптің мұнай-газ саласы үшін CALS-технологиялары негізінде. Тік отырғызылған ұңғының негізгі діңгегінен бүйірлік қосымша діңгектерді кесуге бағдарлау үшін технологиялар мен құрылғылардың тәжірибелік үлгісі әзірленді;
3) қатып қалған мазутты сұйытуға арналған жобалық-техникалық құжаттама әзірленді және тиімділігі жоғары ұтқыр жаңа қондырғы жасалды;
4) өнімділігі жылына 1500 тонна болатын Қазақстанның базальт жынысының ерітіндісін алу үшін жаңа тиімділігі жоғары плазмалық электр магниттік реактор жасалды;
5) технологиялық процестерді басқаруды бақылау үшін жаңа өлшеу құралдарының тәжірибелік үлгілері дайындалды;

6) поликапиллярлық оптика негізінде аспаптардың сериялық үлгілерінің прототиптеріне сынау жүргізілді;
7) Борлы кен орындарының кендерін, Қаратау кварциттерін, техногендік шикізатты өндірудің, байытудың және қайта өңдеудің, таха металдар алудың технологиялық регламенттері әзірленді;
8) күрделі кендік, техногендік, кондициялық емес шикізатты өндірудің, байытудың және қайта өңдеудің жаңа процестерін өнеркәсіптік игеру үшін техникалық регламенттер әзірленді;
9) жүннің жума суларынан жүн майын алудың және ланолиннан стерин спиртін алудың әдістері жасалды;
10) өндірістер қалдықтарын пайданала отырып, егіс алаңдарын қоректік элементтердің қосымша санымен 1,4 - 1,8 есе қамтамасыз етуге, сирек металдар концентратын жанама алуға, пигменттер мен сорбенттерді алуға мүмкіндік беретін өзіндік құны төмен тиімділігі жоғары қолдануы ұзартылған күрделі-аралас тыңайытқыштарды алу технологиясы әзірленді;
11) жаңа отандық бірегей дәрмектік және өсім реттегіш субстанцияларды және препараттарды әдісі мен технологиялары, тәжірибелік-өнеркәсіптік партиялары әзірленді;
12) ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын 30-50%-ға ұлғайтуға мүмкіндік беретін табиғи шикізат және техногендік қалдықтар негізіндегі экологиялық таза органдық-минералдық тыңайытқыштар мен өсім стимуляторларын алудың технологиясы әзірленді;
13) оттан қорғаудың көбікті материалдардың технологиясы әзірленді және оның тәжірибелік партиясы мен шығарылатын өнімге техникалық құжаттама алынды;
14) GMP стандарттары бойынша "Арглабин" және "Салсоколлиннің" капсулденген нысандарын алудың технологиялық регламенті әзірленді.
Түпкі нәтиже: I бөлімнің іс-шаралары бойынша:
1) әзірленген технологиялар мыналарды алуға мүмкіндік береді:
- жартылай өткізгіш материалдарды алу үшін пайдаланатын материалдар: отандық шикізаттан 99,999 % тазалығы жоғары техникалық кремний, 99,95 % тазалығы бар силан және 1.10-5% қоспасы бар жартылай кристалды кремний;
- механикалық беріктігін және тозуға төзімділігін 2-3 есеге, ыстыққа төзімділігін 200-400 $^{o}$ С ұлғайтатын беткі наноқұрылымдар;
- беткі катализаторлардың каталиттік белсенділігін 2 есеге ұлғайтуға мүмкіндік беретін нанотехнологиялар;
- наноқұрылымдық аккумуляторлардың сыйымдылығы мен қызмет ету мерзімін 2 есеге ұлғайтуға мүмкіндік беретін технология;
- конструкциялық материалдардың қызмет ету мерзімін 2-3 есеге ұлғайтуға мүмкіндік

беретін материалдар мен қорытпаларды алу технологиясы;
2) бактериялар (туберкулез, бруцеллез), вирустар (ВИЧ, В, С гепатиттері), вирустық-бактериалдық ассоциаттар туындатқан аурулардың және микроорганизмдердің антибиотикке төзімді штаммаларымен шарттасқан аурулардың деңгейін төмендету.
II бөлімнің іс-шаралары бойынша:
1) республиканың мұнай өндіру компанияларын 3500-4000 м. тереңдікке дейін бұрғылау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін шетелдік соған ұқсас құралдармен кен орындарының жағдайларына бейімделген отандық өндірістің ұтқыр бұрғылау кешендерімен жарақтандыру;
2) бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін машина жасау өнімінің жаңа буынын және CALS-технологиялары негіздерін әзірлеудің және өндірудің технологиялық негіздерін жасау және кен орындарынан алынатын мұнай өндірудің толықтығын 2-4 есеге ұлғайту ;
3) темір жол цистерналарында қатып қалған мазутты сұйылту үшін өнеркәсіптік қондырғы жасау, бұл Қазақстанның темір жол кәсіпорындарындағы темір жол цистерналарының жүк айналымын ұлғайтуға мүмкіндік береді;
4) құны қолда бар базальт талшығынан 1,5 - 2 есеге төмен, тиімділігі жоғары базальт жылытқышы өндірісінің технологиясын жасау;
5) тау-кен металлургия кешенін құнды компонеттердің жоғарлауын төмендетуге және еңбек жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа өлшем құралдарымен жарақтандыру;
6) Қазақстанда шетелдік соған ұқсас өніммен бәсекеге қабілетті қазіргі заманғы экспортқа бағдарланған өнімді шығаруды игеру;
7) Қазақстан Республикасының тау-кен-металлургиялық кешенін дамыту, металл өнімдерінің бәсекеге қабілетін арттыру, қоршаған ортаға техногендік әсер етуді төмендету;
8) Қазақстан Республикасының металлургиялық кешенінің күрделі кендік, техногендік, кондициялық емес шикізатын қайта өңдеуге тарту;
9) елдің экспорттық әлеуетін арттыратын ланолин және холестерин өндірісін ұйымдастыру;
10) калий, фосфоры бар фторенсіз тыңайытқыштар, ферроцианидті пигменттер, жартылай функционалдық сорбенттер мен сирек металдар импортынан Қазақстанның тәуелділігін 20 %-ға қысқарту;
11) шикізат ресурстарын, ғылыми-техникалық әлеуетті және меншікті өндірістік қуаттарды барынша толық пайдалану арқылы импортқа тәуелділікті төмендету;
12) органикалық-минералдық тыңайтқыштардың импортын 30 %-ға, өсім стимуляторларын 50 %-ға қысқарту;
13) металл және ағаш конструкциялар үшін оттан қорғау материалдарының, оның

ішінде пайдалану және оттан қорғау сипаттамалары жақсартылған тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру;
14) GMP стандарттары бойынша "Арглабин" және "Салсоколлиннің" капсулденген нысандарын алудың қазіргі заманғы технологиясын әзірлеу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2006-2008 жылдарға арнаған "Әртүрлі мақсаттағы перспективалық жаңа материалдарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламаның құны 177 592 мың теңге.
2004-2007 жылдарға арналған "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар" ғылыми-техникалық бағдарламасының құны 578 900 мың теңге;
технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеу саласындағы жаңа 14 тақырып құны 466 000 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапа:
1) 2006-2008 жылдарға арнаған "Әртүрлі мақсаттағы перспективалық жаңа материалдарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарлама:
қолданбалы ғылыми зертеулер жүргізу материалдардың жаңа түрлерін шығару жөніндегі технологияларды әзірлеуге ықпал етеді;
2) 2004-2007 жылдарға арналған "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар" ғылыми-техникалық бағдарламасы:
отандық медициналық препараттар құру;
3) технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеу саласындағы жаңа 14 тақырып:
қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу республикада жаңа технологиялар мен бәсекеге қабілетті өнімді жасауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
361-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Стандарттау, сертификаттау, метрология және**
**сапа жүйесі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 27560 мың теңге (жиырма жеті миллион бес жүз алпыс мың теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өлшем бірлігін

қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5-бабы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ;»Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 4 , 8 және 25-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : стандарттауды реформалау және техникалық реттеудің бірыңғай мемлекеттік жүйесіне сәйкестігін растау арқылы ішкі және сыртқы нарықтағы қазақстандық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау. Республиканың эталондық базасын зерттеу және жетілдіру, өнім қауіпсіздігін бақылау үшін эталондық құралдарды пайдалану, жасалатын эталондарды пайдалана отырып салыстырып тексеру жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу, стандарттық үлгілердің жаңа түрлерін әзірлеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : - стандарттауды дамыту үрдісін және сәйкестікті бекітуді мемлекетаралық деңгейде және ТМД мен алыс шетелдерде талдау;
- ТМД елдерінде және шет елдерде сәйкестікті бағалау және растау тетіктерін салыстырып талдау;
- өнімдердің басым топтары бойынша стандарттау және сәйкестікті бекіту бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
- кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін енгізу кезінде туындайтын проблемаларды талдауды жүргізу (OHSAS 18001) және оларды шешу жолдары;
- эталондарды жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу және оларды ғылым мен өндірісте тиімді қолдануды қамтамасыз ету, эталондарды тиімді пайдалану үшін салыстырып тексеру бойынша нормативті құжаттарды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Стандарттау, сертификаттау, метрология және сапа жүйесі | Үш бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу: - стандарттау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу; кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау | | Қазақстан Республикасының Индустрия |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу; метрология саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу. | Қаңтар-желтоқсан | және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
стандарттау саласында:
- өнімнің 3 басымдық топтары бойынша стандарттау және сәйкестікті растау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу;
кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің саласында:
- Қазақстан кәсіпорындарында OHSAS 18001 халықаралық стандартын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
метрология саласында:
- жұмыс өлшем құралдары эталондарының мөлшерлерін беру жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу;
- азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдеріндегі N-нитрозаминдерді анықтау өлшемдерін орындаудың әдістемесін әзірлеу;
- стандартты үлгілердің жаңа типтерін әзірлеу;
- pH өлшемдерінің әдістемелік негіздерін әзірлеу.
Түпкілікті нәтиже:
стандарттау саласында:
- Қазақстандағы техникалық реттеу жүйесін реформалауға, техникалық регламенттерге айғақтық базасын қалыптастыруға жәрдемдесу;
Кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің саласында:
- жұмыс орындарда кәсіптік жарақаттар санын азайтуды қамтамасыз етуге, қауіпсіз еңбекке жағдайлар жасауға тиісті кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйелерін енгізу жөніндегі қазақстандық кәсіпорындарға жәрдемдесу;
метрология саласында:
- уақыт пен жиіліктің мемлекеттік эталондарын және жұмыс эталондарын жетілдіру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
стандарттау саласында:
- қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге кететін шығындар - 10 840 мың теңге;
кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің саласында:
- кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің

саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге кететін шығындар - 5 420 мың теңге;
метрология саласында:
- метрология саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге кететін шығындар - 11 300 мың теңге.
Уақтылығы: жасаған шарттарға сәйкес жыл ішінде.
Сапасы:
стандарттау саласында:
- Стандарттау саласында жүргізілген ғылыми зертеулер есебінен өнімнің үш басымдық топтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау (бірінші кезең) менеджменті жүйелерінің саласында:
- қазақстандық кәсіпорындарында кәсіптік қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды арттыру ;
метрология саласында:
- эталондардың өлшем бірлігін берудің нақтылығы мен сенімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
362-ҚОСЫМША (құпия)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
363-ҚОСЫМША

Ескерту. 363-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Қорғас" шекарамаңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру"**
**деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5 000 000 мың теңге (бес миллиард теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасы Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы Жарлығы ; "Қорғас" шекара маңы

ынтымақтастығы халықаралық орталығын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 981 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 204 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісім жасау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 680 қаулысы ; "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" акционерлік қоғамын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 878 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасына жеке капиталды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау; Қазақстан Республикасының басқа елдермен сыртқы тауар айналымын арттыру; Алматы облысының экономикалық ынтымақтастығына жәрдемдесу, Алматы облысында экономикалық өсімді ынталандыру; іргелес өңірлердің халық өмірі деңгейін жоғарлату.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : көлік-логистикалық, қаржы, сауда және туристік инфрақұрылымды дамыту объектілерін салу; отандық және шетелдік капиталды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау; көлік дәліздерін дамыту; сауда және туризмді кеңейтуді ынталандыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | "Қорғас" шекара маңы ынтымақтасты-ғының халықаралық орталығы" | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 011 | | "Қорғас" шекарамаңы ынтымақтас-тығының халықаралық орталығын құру | Акционерлік Қоғамының жарғылық капиталын бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерде көзделген мына іс-шараларға ұлғайту: 1. Шекара-кеден инфрақұрылымын салу: бақылау-өткізу пункті, кеден, шекара, өрт сөндіру және басқа да қызметтер, 100 көлік бірлігіне арналған автопарк, автокөлікті тұрақты уақытша сақтаудың тұрағы; 2. Бейне бақылауы бар "Рубеж" жүйесі, аумақты қоршау және басқа да жұмыстар; 3. "Солтүстік" әкімшілік-технinfraкалық орталығын жобалау және салу, басқа да жұмыстар; 4. Су бөлу (кәріз), сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, телефон орнату; 5. Перспективалық жолдар салу; 6. - 8. (алынып тасталды - 2007.07.13. N 597) 9. Жаңа көпір салу; 10. - 13 (алынып тасталды - 14. Селден қорғау құрылыстарын салу; 15. Жағалауды нығайтатын құрылыстар салу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, "Қорғас" ШЫХО АҚ |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: бюджет қаражаты есебінен "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құруды жүзеге асыру, сондай-ақ мына жұмыс түрлері болжанады:

жоба-іздену жұмыстары, аумақты қоршау құрылысы, бақылау-өткізу пункттерінің ғимараттарын, инженерлік инфрақұрылым салымдарын (сумен жабдықтау, су бөлу, жылумен жабдықтау, қуатпен жабдықтау) тұрғызу, Орталық аумағын аббаттандыру, автомобиль жолдарын қайта жаңғырту және өткіндер салу.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасына жеке капиталды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау; Қазақстан Республикасының басқа елдермен сыртқы тауар айналымын арттыру; сондай-ақ шекара маңы ынтымақтастығы Халықаралық орталығы аумағында да, Жаркент қаласының аумағында да жаңа өнеркәсіп кәсіпорындарын, қызмет көрсету саласының объектілерін салуды қоса алғанда, Алматы облысы экономикасын дамытудың қарқынын жеделдету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Алматы облысының және тұтастай Қазақстан Республикасының экономикасын тиімді дамытуға, көліктік, инженерлік және туристік инфрақұрылымды дамытуға және жетілдіруге, жүк айналымын ұлғайтуға, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, шекара маңының аумақтарында тұратын халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.
Уақтылығы: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2005 жылғы 3 қарашадағы N 368 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құрудың техникалық-экономикалық негіздемесіне, сондай-ақ "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" акционерлік қоғамының жұмыс кестесіне сәйкес.
Бұл бағдарламаны толық қаржыландырмау құрылыс кестесін және "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас " шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 204 қаулысына , "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысына сәйкес тұтастай жобаның бұзылуына әкеледі.
Сапа: "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы әлемдік стандарттарға сәйкес салынатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
364-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласындағы әскери қызметшілер үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 159286 мың теңге (бір жүз елу тоғыз миллион екі жүз сексен алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ; "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы ; "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Приозерск қаласына көшірілген Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін және олардың отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Приозерск қаласына көшірілген Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері мен олардың отбасыларына арналған тұрғын үйлерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Приозерск қаласындағы әскери қызметшілер үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге берілетін | Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағымдағы нысаналы трансферт-тер | | | Қарағанды облысының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 3 тұрғын үйдің (108 пәтер) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары орындалатын болады. Түпкі нәтиже: Приозерск қаласына көшірілген әскери қызметшілердің 108 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 ш. м. жөндеуге кететін шығын 22,4 теңгені құрайды.
Уақтылығы: 2007 жылғы желтоқсанға дейін жұмыс өндірісінің графигімен белгіленген мерзімде объектілерді енгізу.
Сапасы: ҚНжЕ бекітілген сай құрылыс өндірісінің технологиясына сәйкес жұмыс жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
365-ҚОСЫМША

Ескерту. 365-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

233-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Стандарттау, метрология және сертификаттау жүйесін жетілдіру"**
**деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1312725 мың теңге (бір миллиард үш жүз он екі миллион жеті жүз жиырма бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 карашадағы Заңының 6 , 7 және 22-баптары , "Өлшем бірліктерінің бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5 , 10, 13, 15 және 17-баптары , "Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 926 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2

қыркүйектегі N 926 және 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 801 қаулысы, "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1129 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Өмір, денсаулық және қоршаған орта үшін өнімдер мен процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнімдердің қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды адастыруға алып келетін іс-қимылдарды ескерту, өнімдердің бәсекеге қабілетін арттыру, сондай-ақ саудадағы техникалық тосқауылдарды жою. Қазақстан Республикасының азаматтары мен экономикасының мүдделерін өлшемдердің дұрыс емес нәтижелерінің салдарынан қорғау және отандық және импортталатын өнімдердің, процестердің (жұмыстардың) және қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- стандарттау, сәйкестікті растау, аккредиттеу және метрология саласындағы жұмыстардың халықаралық тәжірибесіне өту үшін мемлекеттік стандарттарды талдау және жүйелеу;
- халықаралық стандарттарға сәйкес стандарттау, сәйкестікті растау, аккредитттеу және метрология жөніндегі негізгі стандарттарды әзірлеу;
- стандарттау, метрология, сәйкестікті растау, аккредиттеу саласындағы халықаралық, өңірлік және шет елдердің ұлттық стандарттарын сатып алу;
- өнімдер мен процестер қауіпсіздігінің арнайы талаптарын регламенттейтін техникалық регламенттерді әзірлеу;
- техникалық регламенттерді сараптау;
- Техникалық-экономикалық ақпарат депозитарийінің (анықтамалардың) библиографиялық және толық мәтіндік деректер базасын енгізу арқылы жіктеуіш бойынша ақпаратты есептеуді және шұғыл алуды жетілдіру;
- Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштер тізілімін жүргізу;
- материалдық және энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін сенімді есептеуді қамтамасыз ету;
- ауруларды диагностикалау және емдеу, еңбек жағдайының және адамдар тұрмысының қауіпсіздігін бақылау, қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау кезінде дұрыс өлшемдер нәтижелерін қамтамасыз ету;
- өнімнің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге көмек көрсету;
- ICO 9000, 14000, 22000, сондай-ақ OHSAS 18001, SA 8000 сериялы халықаралық стандарттар бойынша сапа жүйесін енгізу жөнінде салалық және өңірлік семинарлар (

конференциялар) өткізу;
- аккредиттеу туралы ұлттық органды аккредиттеу;
- сынақ зертханаларының тәжірибесіне халықаралық құжаттардың талаптарын енгізу, отандық және импортталатын өнімнің, процестер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын, материалдар мен шикізаттың сәйкестігін растау кезінде сынақ нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Стандарттау, метрология, сәй-кестікті растау, аккредиттеу сала-сындағы халықара-лық, өңірлік және ұлттық стандарт-тарды әзірлеу және сатып алу: 1) Мемлекетаралық стандарттарды талдау және жүйелеу; 2) Мемлекеттік стандартты әзірлеу. - 1-ші кезең. Стандарттардың бірінші редакция-сын әзірлеу, мүдделі органдарға келісуге тарату. - 2-кезең. Стандарттың түпкі редакциясын пысықтау және пікірлер жиынын жасақтау. 3) Стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарт-тарды сатып алу және аудару. 4) Техникалық регламенттерді салалар бөлігінде әзірлеу және сараптау, оның | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 013 | | Стандарттау, метрология және сертификаттау жүйесін жетілдіру | ішінде: Салалар бөлігінде техникалық регламенттерді әзірлеу. Салалар бөлігінде техникалық регламенттердің жобаларын сараптау. 5) Техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеудің және кодтаудың жүйесін жетілдіру, оның ішінде: республикадағы қолданыстағы жіктегіштерді жүргізу; Техникалық-экономикалық ақпарат депозитарийінің (анықтамалардың) библиографиялық және толық мәтіндік деректер қорын жүргізу; - техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды және өзекті етуді ұйымдастыру. 6) Республиканың физикалық шама бірліктерінің ұлттық эталондық базасын құру. 7) Мемлекеттік эталондарды сүйемелдеу және қызмет көрсету, оның ішінде: мемлекеттік эталондарға салыстыру жүргізу; эталондарға қызмет көрсету; эталондық кешендерді толықтыра жарақтандыру және жаңғырту, білік- | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тілігін арттыру мақсатына персоналды оқыту. 8) Әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы бар қызмет салаларын-да пайдаланылатын өлшем құралдары үшін салыстырып, тексеру зертхана-ларын құру және салыстырып тексеру жұмыстарын ұйымдастыру. 9) Өлшем құралда-рын тексеру мен калибрлеу нәтиже-лерін зертханаара-лық салыстыруды ұйымдастыру және оларды өткізу. 10) Астана қала-сындағы Эталон орталығын ұстау. 11) Халықаралық деңгейге сәйкес келетін өлшеу зертханаларын және өлшеу құрал-дарын мемлекеттік сынау орталығын құру, оның ішінде: - халықаралық талаптарға сәйкес өлшеу зертханала-рын аккредиттеу және білікті қызметшілерді дайындау; - өлшеу құралдарын мемлекеттік сынау орталығын құру. 12) ICO 9000, 14000, 22000, сондай-ақ OHSAS 18001, SA 8000 сериялы халықара-лық стандарттар бойынша сапа жүйе-сін енгізу жөнін-де салалық және өңірлік семинарлар (конференциялар) | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өткізу. 13) Біліктілікті арттыру мақсатында персоналды шет елдердің ірі метрология институттарында оқыту және тағылымдамадан өткізу. 14) Қазақстанның IAF және ILAC халықаралық ұйым-дарына кіруі бойынша дайындық жұмыстары: аккредиттеу жөнін-дегі уәкілетті органның алдын ала бағалауы. 15) Зертханаара-лық салыстырма сынақтарды жүргізуді ұйымдастыру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- кемінде 100 бірлік мемлекетаралық стандарттарды талдау және жүйелеу;
- кемінде 120 бірлік мемлекеттік стандарттарды әзірлеу;
- стандарттау, метрология, сертификаттау саласында кемінде 300 халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды сатып алу;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мәртебесінде кемінде 25 техникалық регламенттерді әзірлеу, сондай-ақ оларды халықаралық талаптарға сәйкес сараптау;
- республикада қолданыстағы ТСН-ның 12 мемлекеттік жіктеуіштерін жүргізу, Жіктеуіштер депозитарийінің деректер қорын енгізу;
- жасалған эталондардың саны кемінде 9 бірлік;
- кемінде 80 қызметкердің эталондарға қызмет көрсетуі, жасалатын эталондарды пайдалануға беру, жабдықтарға сервистік қызмет көрсету, кемінде 5 маманның халықаралық семинарларға қатысуы;
- салыстырып, тексеру зертханаларын құру және өлшем құралдары үшін салыстырып, тексеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- кемінде 25 метрологиялық қызметтерінің өлшем құралдарының тексеру және калибрлеу нәтижелері бойынша зертханааралық салыстыруды ұйымдастыру және жүргізу;
- технологиялық жабдықтың, ғимараттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ "Сол жақ жағалау" КС 110/10-ға 10 Кв 2 ұяшықты сатып алу және орнату;

- кемінде 3 өлшеу зертханасын және халықаралық талаптарға сәйкес персоналды сертификаттау жөніндегі органды аккредиттеу, халықаралық талаптарға сәйкес кемінде 30 маманды даярлау;
- электр қауіпсіздігіне, электрлік магниттік сыйымдылыққа сынақтар жүргізу үшін мемлекеттік сынақ орталығын зертханаларын ұйымдастыру және жабдықтармен жарақтандыру;
- кемінде 2 маманды шет елдердің жетекші институттардың мамандармен тәжірибе алмасу арқылы эталондарда жұмыс істеуге оқыту;
- кемінде 3 салалық және (немесе) өңірлік семинарлар жүргізу;
- аккредиттелген туралы органды және 3 зертхананы халықаралық деңгейде акредиттеу ;
- кемінде 3 зертхананы зертханааралық салыстырмалы сынақтар жүргізу.
Түпкі нәтиже: техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін жетілдіру және дамыту, шетелдердің қажетті халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарын сатып алу, қолданыстағы мемлекеттік стандарттардың халықаралық талаптармен үйлестіру және қайта қарау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, әзірленіп жатқан техникалық регламенттерге дәлелдемелік дерек ретінде мемлекеттік стандарттарды әзірлеу;
Техникалық реттеудің мемлекеттік заңнамалық базасын жетілдіру, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетін арттыруға және оның шетел мемлекеттерінің нарығына жылжытуға жәрдемдесу, инвестициялық климатты жақсартуға жәрдемдесу;
ТЭА жіктеуіштер депозитарийінің деректер қорын енгізу арқылы мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға өзектендірілген жіктеуіштерді ұсыну;
мемлекеттік стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестірудің пайызын 60 %-ға дейін ұлғайту;
ұзындық және салмақ өлшемдерінің республикадан тыс әкетілетін санын 80%-ға қысқарту;
республиканың экономика салаларындағы өлшемдердің қолда бар түрлерінің 70% метрологиялық қажеттіліктермен қамтамасыз ету;
азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, қоршаған ортаның және сауда-коммерциялық операциялардың жағдайын бақылау кезінде пайдаланылған өлшем құралдарын салыстырып, тексерудің кемінде 30%-ын қамту;
геометрлік шамаларды өлшеу жөніндегі метрологиялық қызметтерді зертханааралық салыстырудың кемінде 8%-ын, тығыздық пен тұтқырлық өлшемдері бойынша кемінде 10%, электрлік өлшемдер бойынша кемінде 13%-ын қамтамасыз ету;
Эталон орталығы ғимаратының барлық технологиялық жабдығының үздіксіз және апатсыз жұмыс істеуі, мамандар үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жасау;
саудадағы техникалық кедергілерді жою мақсатында қазақстандық зертханалардың өлшем нәтижелерін халықаралық деңгейде тану;

электрлік өлшемдер саласында кәсіпорындардың сынақ базасымен қамтамасыз етілуі 90%, өнімнің қауіпсіздігі 60%;
техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау;
- эталондардың талдауын жүргізу, эталондардың белгісіздігін есептеу, мемлекеттік эталондардың дәлдігін арттыру ұсынысымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебін құрастыру;
қазақстандық сертификаттардың сәйкестігін халықаралық деңгейде тану үшін негіз жасау;
- зертханалардың құзыреттілігін растау;
халықаралық практикаға өту және зертханалар алынатын зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде тану үшін негіздер жасау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
1 нормативтік құжатқа талдау жүргізудің орташа құны - 71 мың теңге,
1 стандартты әзірлеудің орташа құны - 913 мың теңге,
сатып алынатын 1 нормативтік құжаттың орташа құны - 39 мың теңге,
1 техникалық регламентті әзірлеудің орташа құны - 4500 мың теңге,
1 техникалық регламентті сараптаудың орташа құны - 550 мың теңге,
1 мемлекеттік жіктеуішін өзектендірудің және енгізудің орташа құны - 476 мың теңге;
эталондарды құруға арналған шығындар, эталонның орташа құны 3 млн. теңгеден 75 млн. теңгеге дейін құрайды;
1 эталонды ұстауға арналған шығындар жылына орташа 3 877 мың теңгеге дейін;
тексеру зертханаларын құруға арналған шығындар, 1 тексеру жабдықтарының орташа құны 1 млн. теңгеден 35,0 млн. теңгеге дейін құрайды;
метрологиялық қызметтің жалпы санының кемінде 8%-ын техникалық құзыреттілігін растау;
Эталондық орталық ғимаратының 1 шаршы метрін ұстауға арналған шығынның шартты құны 17,5 мың теңгені құрайды;
бір өлшеу зертханасын акредиттеуге арналған шығындар орташа есеппен кемінде 13 000 мың теңге;
персоналды оқыту жүргізуге арналған шығын бір маманға орташа есеппен кемінде 400 мың теңге;
өлшеу құралдарын сынауға арналған шығындарды төмендету;
республиканың эталондық базасының халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, бір маманды оқытуға арналған орташа шығындар кемінде 16 мың теңге; 1 семинарды өткізуге арналған шығындар - 1000 мың теңге; 1 сарапшыны тартуға арналған орташа шығын 6000 мың теңге; бір мамандарды даярлауға арналған орташа шығын 571 мың теңге;
бір зертхана үшін салыстырмалық сынақ жүргізуге арналған орташа шығын 1608,7 мың теңге.

Уақтылығы:
жұмыстарды орындаудың күнтізбелік жоспарларына сәйкес.
Сапасы:
- отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін жағдайлар жасау және оны әлемдік нарыққа ықпалдастыру;
- стандарттарды пайдаланушыларға сауалнама жүргізу, кәсіпкерлердің пікірлері, мемлекеттік стандарттарды үйлестіру деңгейі;
- техникалық регламенттерді әзірлеу және қабылдау арқылы адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін өнімдер мен процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- әзірленетін техникалық регламенттердің халықаралық стандарттарға сәйкестігін белгілеу, мүдделі тұлғаларды ауқымды ортасын талқылау үшін тарту;
- нәтижесінде жіктеу және техникалық-экономикалық ақпараттарды кодтау жүйесінде тиімді әрекет ететін саудадағы техникалық тосқауылдарды жою;
- қажетті деңгейдегі эталондық базаны құру, өлшеудің нақтылы мен дұрыстығын арттыру, өлшеу техникасын, экономиканың өсуін және сауданың дамуын, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға қатысуы үшін халықаралық талаптарға сәйкестігін жетілдіру;
- өлшеудің ұлттық жүйесінің халықаралық талаптарға бейімделуі;
- мемлекеттік эталондар жаңғыртатын және беретін шама бірлігінің дәлдігін арттыру, өлшеудің сенімді емес нәтижелерінен болатын экономикалық шығындарды жою;
- тұтынушылардың отандық өнімдер сапамен және қауіпсіздігімен қанағаттандыру деңгейі;
- тұтынушылардың өлшеудің дәлдігімен қанағаттандыру деңгейі;
- мамандар үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау;
- республикада халықаралық деңгейде жүзеге асырылатын өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы жұмыс нәтижелерін тану;
- қоғамның белсенділігін арттыру, оның техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, ДСҰ талаптарын орындауға қатысуы;
- қазақстандық сертификаттарды шет елдерге сәйкестігін тану;
- өнім қауіпсіздігін сынау және бағалау нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
366-ҚОСЫМША

Ескерту. 366-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру"**
**деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 902951 мың теңге (тоғыз жүз екі миллион тоғыз жүз елу бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 12-бабы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 28 және 29-баптары ; " Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 8-бабы ;»"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері шеңберіндегі келісімдер мен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1992 жылғы 22 маусымдағы N 540 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 67 қаулысы ; "Құрылысты жобалық қамтамасыз ету және сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі кейбір мәселелер" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 маусымдағы N 557 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : құрылыс саласын халықаралық талаптарға жауап беретін сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы қазіргі заманғы мемлекеттік нормативтермен қамтамасыз ету, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі кезіндегі техникалық кедергілерді жою, экономиканың базалық салаларының объектілерін салу үшін жобалаудың нормативтік базасын жаңарту және жетілдіру, сондай-ақ мемлекет бюджеті есебінен салынатын әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі объектілерін салу үшін типтік жобалармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласында мемлекеттік нормативтерді, сондай-ақ үдемелі материалдарды, инженерлік жабдықтарды және тұрғын үй-азаматтық және өнеркәсіптік құрылыстағы технологияларды пайдалана отырып, жобалық ұсыныстар, техникалық шешімдер әзірлеу және қайта өңдеу;
біздің заңнамалық базамызға бейімделген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің

өзара мүдделерін көрсететін объектілерді жобалау және құрылысы үшін нормалардың талаптарымен үйлестірілген мемлекетқаралық нормалар мен ережелерді, стандарттарды сатып алу;
құрылыс саласын мемлекеттік тілдегі мемлекеттік нормативтермен қамтамасыз ету;
тұрақтылық, беріктік, жарылыс-өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі, отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету проблемалары бойынша іздестіру, жобалау, салу үшін жалпы техникалық нормативтік құжаттар базасын қалыптастыру;
сметалық-нормативтік құжаттамаларды жетілдіру және сметалық нормалардың нормативтік базасын кеңейту;
сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік нормативтерді әзірлеу және қайта өңдеу; үлгілік жобаларды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | I. Республикалық деңгейде жобалық-іздену, құрастыр-малық және техно-логиялық жұмыстар.<br>1. Қазақстан Республикасының сметалық-норматив-тік базасы, құрылыс саласын-дағы экономикалық нормативтер мен әдіснама:<br>1.1. ғимараттар мен имараттарды салуға арналған прейскуранттар (5 жинақ);<br>1.2. іске қосу жұмыстарының арналған бағамдар (3 жинақ);<br>1.3. құрылыс үшін жобалық жұмыстар-ға арналған жинақ - 1 жинақ (7 бөлім);<br>1.4. ірілетілген сметалық нормалар-дың жинақтары (9 жинақ);<br>1.5. материалдар-ға, бұйымдар мен | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрастырмаларға арналған сметалық бағалар жиынтығына толықтырулар мен өзгерістер әзірлеу; 1.6. құрылыс және монтаж жұмыстарына арналған СНжР жинақтарына толықтырулар мен өзгерістер әзірлеу; 1.7.»"SANA-2001" бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңейту және толықтыру; 2. Сәулет-қала құрылысы қызметін реттеу үшін нормативтік-құқық-тық құжаттама жасау: 2.1.»"Қала құрылыс жобаларын әзірлеу, келісу, бекіту және құрамы туралы нұсқаулық" ҚР ҚНмЕ қайта өңдеу"; 2.2. "Жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттар 50-86 ВСН қайта өңдеу; 2.3. "жеке тұрғын үйлерді салуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу, бекіту және құрамы туралы нұсқаулық» ҚНмЕ қайта өңдеу; 2.4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау және енгізу жөніндегі әдісте-мелік нұсқаулар" 1.05-01-2003 ҚР РДС қайта өңдеу; 2.5. "Республика- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лық деңгейдегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау және енгізу-дің техникалық жобасын" салуда басшылыққа алатын құжатты әзірлеу;<br>2.6. "Облыстық деңгейдегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау және енгізу-дің үлгілік техни-калық жобасын" салуда басшылыққа алатын құжатты әзірлеу;<br>2.7. "Базалық деңгейдегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау және енгізу-дің үлгілік техни-калық жобасын" салуда басшылыққа алатын құжатты әзірлеу;<br>2.8. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау және енгізу-дің құнын белгілеу тәртібін" салуда басшылыққа алатын құжатты әзірлеу;<br>3. Мына үлгілік жобаларды әзірлеу:<br>3.1. 1В және III A, III B және IV Г қарапайым геологиялық жағдайлары бар климатикалық аудандарда, жоғары сейсмикалық белсенділігі 7 балл климатикалық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 014 | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік -техникалық құжаттарды жетілдіру | аудандарда II B және III B, IV A және IV Г "300 оқушыға арналған орта мектеп" үлгілік жобасын әзірлеу;<br>3.2. 1 B және III A, III B және IV Г қарапайым геоло-гиялық жағдайлары бар климатикалық аудандарда, жоғары сейсмикалық белсенділігі 7 балл климатикалық аудандарда II B және III B, IV A және IV Г "600 оқушыға арналған орта мектеп" үлгілік жобасын әзірлеу;<br>3.3. 1 B және III A, III B және IV Г қарапайым геоло-гиялық жағдайлары бар климатикалық аудандарда, жоғары сейсмикалық белсенділігі 7 балл климатикалық аудандарда II B және III B, IV A және IV Г»900 оқушыға арналған орта мектеп» үлгілік жобасын әзірлеу;<br>3.4. I B және II A, IY A және IY Г қарапайым геоло-гиялық жағдайлары бар климаттық аудандарда; сейсмикалық белсенділігі 7 балл және одан жоғары I B, II B және III B, IY A және IY Г климат-тық аудандарында 75 адамға арналған аудандық және | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер комитеті. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қалалық ішкі істер бөлімдерінің (АІІБ, ҚІІБ және ЖІІБ, ІІД, КІІД) ғимараттары үлгілік жобаларын әзірлеу.<br>3.5. IB және IIA, IYA және IYГ қарапайым геоло-гиялық жағдайлары бар климаттық аудандарда; сейсмикалық белсенділігі 7 балл және одан жоғары I B, II B және III B, IY A және IY Г климат-тық аудандарында 150 адамға арнал-ған аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдерінің (АІІБ, ҚІІБ және ЖІІБ, ІІД, КІІД) ғимараттары үлгілік жобаларын әзірлеу.<br>3.6. IB және IIA, IYA және IYГ қарапайым геоло-гиялық жағдайлары бар климаттық аудандарда; сейсмикалық белсенділігі 7 балл және одан жоғары IB, IIB және IIIB, IYA және IYГ климат-тық аудандарында 470 адамға арнал-ған аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдерінің (АІІБ, ҚІІБ және ЖІІБ, ІІД, КІІД) ғимараттары үлгілік жобаларын әзірлеу.<br>3.7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы бойынша денсаулық сақтау объектілерінің үлгі жобаларын әзірлеу (2008 жылдың | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | I жарты жылдығында аяқталады).<br>4. Ілгерінді материалдарды, инженерлік жабдық-тар мен техноло-гияларды азаматтық тұрғын үй мен өнеркәсіп құрылы-сында пайдалана отырып, норматив-тік құжаттарды, жобалық ұсыныстар мен техникалық шешімдерді әзірлеу:<br>- мына ауысатын тақырыптар бойынша:<br>4.1. "Құрылыс үшін инженерлік-геоло-гиялық іздестіру. Жұмыстардың өнді-рісіне техникалық талаптар" ҚР СН;<br>4.2. "Топырақты құрылыс материал-дарын іздестіру. Жұмыстардың орындалуының жалпы ережесі" ҚР СН ;<br>4.3. "Карметком-бинат табақты металл қорытпасы-нан жалпақ және гофрирленген қабырғалары бар үнемді дәнекерлен-ген екі таврлы бағандарды дайын-дауға техникалық шарттар. Жалпы талаптар." ҚР СТ ;<br>4.4. "Тұрғын үй ғимараты" ҚНмЕ-ға көмекші құрал;<br>- жаңа тақырыптар бойынша;<br>4.5. "Жылу желілері" МСН-ге ережелер жиынтығы;<br>4.6. "Гидротехни-калық құрылыс Жобалаудың негізгі ережелері" 2.06.01-86 ҚНмЕ | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қайта өңдеу; 4.7. "Топырақ материалдарынан бөгеттер" 2.06.05 -84*ҚНмЕ қайта өңдеу; 4.8. "Бетон және темір бетонды бөгеттер" 2.06.06.-85 ҚНмЕ қайта өндеу. 5. Техникалық қауіпсіздік бойынша норматив-тік құжаттарды әзірлеу: 5.1. "Құрылыс алаңдарын электр-лік жарақтанды-руды жобалау жөніндегі нұсқаулық"; 5.2. "Құрылыс-монтаждық ұйымдар-дың тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайларын жобалау жөніндегі нұсқаулық"; 5.3. "Асбестоце-ментті бұйымдар өнеркәсібінде техника қауіпсіз-дігі және өндіріс-тік санитария ережесі"; 5.4. "Бояу цехтары, зауыттар мен металл құрас-тырмаларын дайын-дау жөніндегі кәсіпорындар үшін қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария ереже-лері мен нормалары"; 5.5. "Рудалық емес құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі техникалық қауіпсіздік және өндірістік санитария ережесі"; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 5.6. "Құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі (1-бөлім) техникалық қауіпсіздік және өндірістік санитария ережесі"; 5.7. "Жылу оқшаулағыш материалдар өнеркәсібіндегі техникалық қауіп-сіздік және өнді-рістік санитария". II. МНТКС Жоспары бойынша айқындала-тын мемлекетаралық нормативтік-техни-калық құжаттарды сатып алу | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1. Сметалық-нормативтік құжаттардың 20 жинағын (іс-шаралар жоспарының 6-тармағы бойынша) әзірлеуді (қайта өңдеуді) аяқтау,»"SANA-2001" бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңейту және толықтыру;
2. Сәулет қала құрылысы қызметін реттеу саласында 8 нормативтік құжатты әзірлеуді ( қайта өңдеуді) аяқтау;
3. 2007 жылы жұмыстың жалпы көлемінен 50% орындаумен қоса (2008 жылы жұмыс көлемінің қалған 50% аяқтай отырып) 12 үлгілік жобаларды әзірлеуді аяқтау және 12 үлгілік жобаларды әзірлеуді бастау.
4. 6 нормативтік-техникалық құжатты және Қазақстан Республикасының ҚНмЕ бір оқу құралын әзірлеуді аяқтау және 2007 жылы жұмыстың жалпы көлемінің 70% орындаумен қоса (2008 жылы жұмыс көлемінің қалғанын 30% орындаумен қоса) бір тұрғын үй азаматтық және өнеркәсіп құрылысындағы жинақ ережелерін әзірлеуді бастау;
5. Техникалық қауіпсіздік жөнінде 7 нормативтік құжатты әзірлеуді аяқтау.
6. Кемінде 3 мемлекетаралық нормативтік-техникалық құжатты сатып алу.
7. Денсаулық сақтау объектілерінің кемінде 15 үлгі жобасын әзірлеу (2008 жылдың 1 жарты жылдығында аяқталады).
Түпкі нәтиже: дамыған елдердің техникалық регламенттеріне сәйкес келетін құрылыстың мемлекеттік нормативтерін қолданысқа енгізу, қазіргі заман талаптарына жауап беретін және сауда-экономикалық қарым-қатынастарда кедергілерді қоспағанда республиканың құрылыс кешенін мемлекетаралық нормалары мен стандарттарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылымның көпшілік объектілерінің жобалауына және құрылысына объективті шығындар мен негізсіз шығыстардың болдырмау

деңгейін төмендету мәселелері бойынша мемлекеттің және халықтың мүдделерін қорғауды болжайтын типтік жобалардың жаңа буынын әзірлеу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеудің орташа құны 500,0 мың теңгеден 3300,0 мың теңгеге дейін, үлгілік жобаны әзірлеудің орташа құны: аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдері үшін ғимараттар - 6815,0 мың теңге; білім беру объектілері - 13170,9 мың теңге; денсаулық сақтау объектілері - 50463 мың теңге.
Уақтылығы: 2007 жылға арналған тақырыптық жоспарға сәйкес.
Сапасы: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және коммуналдық-тұрғын үй шаруашылық істері комитеті ғылыми-техникалық кеңесінің нормативтік құжаттарды мақұлдауы және бекітуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
367-ҚОСЫМША

Ескерту. 367-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Теміртау қаласындағы индустриялық парктің инфрақұрылымын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 163000 мың теңге (бір жүз алпыс үш миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 21, 24, 27-баптары ; "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысының 9-тармағы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Теміртау қаласындағы "Металлургия" кластерінің шеңберінде металлургия және металл өңдеудегі жаңа өндірістерді ұйымдастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : индустриялық аймақты құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Бағдарлама- ның (кіші бағ- дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Теміртау қаласындағы индустрия- лық парктің инфрақұры- лымын салу- ға берілe- тін нысана- лы даму трансферт- тері | Теміртау қаласын- да индустриялық парк инфрақұрылы- мының құрылысына жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді аяқтау. | Қаңтар- желтоқ- сан | Қазақстан Республи- касы Индустрия және сауда министр- лігі, Қарағанды облысының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салу жобасы бойынша мемлекеттік сараптамадан өткен, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасы.

Түпкі нәтиже: жаңа өндірстерді ұйымдастыру; өнеркәсіптің өңдеуші салаларын дамыту .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: индустриялық аймақ инфрақұрылымын салу; жаңа жұмыс орындарын құру.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: металлургиядағы және машина жасаудағы бәсекелестікті арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
368-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Жаңа технологияларды құру және дамыту"**
**деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 130000 мың теңге (бір жүз отыз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыру жолында" 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауы ; "Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулерді жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007 -2008 жылдарға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 487 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өндірісі Қазақстанда құру үшін перспективалық болатын өңдеу өнеркәсібі салаларының өнімін айқындау мақсатында зерттеулер жүргізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кейбір өңдеуші өнеркәсіп салаларында бірқатар өнімдердің маркетингі бойынша ақпаратты талдау және жинап, қорыту; отандық өндірісті дамытудың барынша перспективалық бағыттарын айқындау бойынша ұсынымдар дайындау;
шикізаттық емес тауарлардың экспорты, жалдамалы тұрғын үй нарығын, кәсіпкерлікті қолдау және дамытуды ынталандыру жөнінде ұсыныстар дайындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Мына бағыттар бойынша негізгі міндеттерді | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 016 | | Жаңа технология-ларды құру және дамыту | орындау: 1. Қазақстан Республикасында құрылыс металл құрастырмалары өндірісін дамыту-дың перспектива-ларын зерттеу. 2. Қабырғалық құрылыс материал-дары өндірісін дамытудың перспек-тивалық бағыттарын талдау. 3. Цементтің әртүрлі маркала-рына ішкі және өңірлік сұранысты зерттеу. 4. Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің, экспортын дамыту әлеуетін, сондай-ақ қазақс-тандық шикізаттық емес тауарлары мен қызметтерді өткі-зудің әлеуетті нарықтарын және қазақстандық кәсіпкерлердің шетелдерде инвес-тицияларды жүзеге асыруын айқындау. 5. Жаһандануға, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне жалпы тұтастай әлемдік үрдіс жағдайында шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекет-тік қолдаудың тетіктерін айқындау. 6. Экономика сала-ларын техникалық зерттеу. 7. Қашықтықтан басқарылатын ұшу аппараттарына (ҚБҰА) қажетті-лікті зерттеу. 8. Байланыстың аса жаңа жүйелерінде | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | отандық құрылымдарға қажеттіліктерді зерттеу. 9. Қазақстанның ірі елді мекендерінде жалдамалы тұрғын үйі нарығының әлеуетін бағалау. 10. Ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі өндірісі саласында биотехнологиялық өнім (трансгендікті қоспағанда) нарығының әлеуетін айқындау. 11. Олардың өндірістерін Астана қ. индустриялық аймағында орналастыру үшін құрылыс материалдары саласының өнімдерін зерттеу. 12. Орындалған жұмыстар туралы есептерге сараптама жүргізу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: бірқатар өнімдер мен өңдеуші өнеркәсіптің кейбір салаларын маркетингтік зерттеулер жүргізу бойынша, құрылыс индустриясы бойынша, биотехнологиялық өнім, шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері бойынша, шикізаттық емес тауарлардың экспорты бойынша, ҚБҰА бойынша, Қазақстанда аса жаңа байланыс жүйелерін дамыту бойынша , Астана қ. индустриялық аймақ бойынша кемінде 12 талдамалық есеп дайындау. Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібі салаларын зерттеу нәтижелерімен қамтамасыз ету. Қаржылық-экономикалық нәтиже: орташа есеппен 1 есепке кететін шығын 10,83 млн. теңге, бұл ретте экономикалық тиімділік салаларды технологиялық дамытудың нақты жобалары/ бағдарламаларының зерттеу нәтижелері негізінде енгізілген түрінде.
Уақтылығы: жасалған шарттардың техникалық тапсырмаларына сәйкес.
Сапасы: орындалған талдамалық зерттеулерді орындалған жұмыстың сапасы туралы қорытынды беру үшін үшінші тарапқа жіберу, сондай-ақ жаңа өндірістерді құру және бар өндірістерді әртараптандыру үшін мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің зерттеу нәтижелерін қолдауы.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына
369-ҚОСЫМША

Ескерту. 369-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 204840000 мың теңге (екі жүз төрт миллиард сегіз жүз қырық миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығы ;»"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңы;»" Қазақстанның инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ;»"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы Заңы ;»"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысы ;»"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 тамыздағы N 862 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : даму институттарын тиімді корпоративтік басқару жолымен инновациялық және инвестициялық белсенділікті арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- индустриялық-инновациялық даму саласындағы мамандандырылған кеңестің ұсынымдары негізінде Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының, мемлекеттік және салалық ( секторалдық) бағдарламалардың ережелерін ескере отырып, институттардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- даму институттарының корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибені енгізуі.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту:<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабыл-данған қаражатты бөлу туралы шешім негізінде даму институттарының жарғылық капитал-дарын және/немесе оларды кредит-теуді ұлғайту үшін:<br>- инвестициялық жобаларды кредит-теуді және лизинг-тік компанияларды капиталдандыруды қамтамасыз ету;<br>Қазақстан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 017 | | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптас-тыру | Республикасының әлеуметтік-эконо-микалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес іс-шараларды жүзеге асыру; - инвестиция-ланатын компания-лардың жарғылық капиталында бақыланбайтын үлестік қатысу жолымен иннова-цияларды құру және енгізу; жоғары техноло-гиялық start-up компанияларды сатып алу; инновацияларды құру мен енгізуді қаржыландыруды жүзеге асыратын инновациялық қорлар мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына бақыланбайтын қатысу; тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру; инновациялық инфрақұрылымды дамыту; - микрокредиттеу желісін дамыту және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру; шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде қаражатты екінші деңгейдегі банктерде негіз-делген орналастыру | Қаңтар-наурыз<br><br>Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағдарламасы бойынша жобалық қаржыландыру; 2) Қазақстан Республикасы үшін өзекті бағыттар бойынша зерттеулер жүргізу; 3) "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның қызметін қамтама-сыз ету; 4) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің акті-лерін, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның және даму институттарының алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау мақсатында басқа да іс-шараларды қаржыландыру; 5) Қорлар қоры қағидаты бойынша "Kazyna Capital Management" АҚ құру; 6) "Әлеуметтік инновациялық технологиялар" АҚ құру үшін; 7) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-эконо-микалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру мақсатында еншілес ұйым құру; 8)»"Астана-Финанс" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін "Қазына" | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын төлеуге беруге байланысты пайда болған міндеттемелерді орындау. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- экономикаға кредит беру көлемдерінің өсуі, өңірлік және салалық кредит беру лимиттерінің және 1 қарызгерге тәуекел бойынша лимиттерін арттыру;
- Қазақстанның Даму Банкінің кредиттік ресурстар құнын төмендетуді қамтамасыз ету;

- инновациялық инфрақұрылымдарды дамытуға қатысу;
- перспективтік компаниялар жобаларын инвестициялау және инвестициялар тарту;
- экономиканың шикізаттық емес секторларындағы жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету;
- шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кредиттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- қазақстандық тауарлар мен қызметтердің әлем нарықтарына жылжыту үшін жағдайлар жасау;
- Kazyna Capital Management" АҚ құру;
- "Әлеуметтік инновациялық технологиялар" АҚ құру;
(Осы толықтырулар мен өзгерістер Республикалық бюджет комиссиясының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 4 және 2007 жылғы 14 мамырдағы N 6 хаттамаларына сәйкес енгізіліп отыр)
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асыру мақсатында еншілес ұйым құру";
- "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-та "Астана-Финанс" АҚ акцияларының шектеуші пакетін сақтау.
Түпкі нәтиже:
- Қазақстанның Даму Банкі тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- экономиканы ауқымды кредиттеу;
- инновациялық инфрақұрылымды дамыту;
- әлем бойынша жоғары технологиялық компанияларды сатып алуға қатысу;
- түпкі өнімнің экспортына бағытталған өндірісті дамыту;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- экономиканың барлық секторларында инвестициялық және инновациялық белсенділігін арттыру және ынталандыру.

Уақтылығы: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес. Сапасы: шикізаттық емес секторларды дамытуға бағытталған өндірістің көлемін ұлғайтумен қоса ел экономикасы құрылымын әртараптандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
370-ҚОСЫМША

Ескерту. 370-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.02.12. N 97 , 2007.07.13. N 597 қаулыларымен.

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамытуға бөлінетін нысаналы даму трансферттері" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2970546 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз жетпіс миллион бес жүз қырық алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1605 Жарлығы ; "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі 770 қаулысы ; "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлардың номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1151 қаулысы ; "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі N 279 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 439 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тоқыма өнеркәсібін дамыту, Қазақстан Республикасы экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстары жүйесіне енуін жандандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : инфрақұрылымдарды құру және 15 жаңа иіру, тоқу және тігу өндірісін, дайын бұйымдар өндірісін салу үшін тоқыма секторына инвесторлар тарту жөнінде қолайлы инвестициялық ахуал жасау; дайын

тоқыма өнімін өндіру үшін әлемдік брендтерді тарту; тиімділігі жоғары өндірістерді құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | "Оңтүстік" арнайы экономика-лық аймағының инфрақұры-лымын дамыту | 1. Сумен жабдықтау құрылысына нысана-лы трансферттер аудару (диаметрі 600 мм., ұзындығы 7 км. 2 тін); құбыр коллекторын салуға нысаналы трансферттер аудару; (диаметрі 800 мм., ұзындығы 7 км.); 220/10 кВ және кіріс-шығысы Вл-220 кл КС салу; Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағына кіреберіс темір жолын салу; кіреберіс автомо-биль жолын және Бадам өзеннен арқылы автомобиль көпірін салу; Кеден үшін қосымша құрылыстар салу (бақылау өткізу пункті, таразы, бақылау алаңы және аспа). 2. Ауыл шаруашы-лығы өндірісінің шығындарын өтеуге нысаналы транс-ферттер аудару. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Әкелме инженерлік-коммуникациялық желілерді (сумен жабдықтау және құбыр, электрмен жабдықтау, газ құбыры, телефон орнату), кіреберіс темір жолдарын, автомобиль жолдарын және Бадам өзені арқылы автомобиль көпірін, кеден үшін қосымша құрылыстар (бақылау өткізу пункті, таразы, бақылау алаңы) салу.

Түпкілікті нәтиже:
"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту, қазіргі заманғы жоғары технологиялық кәсіпорындарды салу, отандық экономиканың тоқыма және тігін өнімі импортына тәуелділігін еңсеру, қосымша жұмыс орындарын құру, дайын тоқыма өнімін өндіру үшін әлемдік брендтерді тарту, сапа мен ассортиментті жақсарту есебінен өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру, өнімнің шығындарын төмендету , ұлттық экономиканы бәсекеге қабілетін арттыру және оны әлемдік экономикаға біріктіру.
Қаржы-экономикалық тиімділігі:
- өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, отандық мақта талшығын қосылған құны жоғары дайын өнімге дейін қайта өңдеу;
- өңірге инвестицияларды, қазіргі заманғы технологияларды тарту;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру, әлемдік нарықтың дәстүрлі және жаңа сегменттерін бекіту және игеру есебінен экспорттың құрылымын түпкілікті өнім пайдасына өзгерту үшін ғылыми және өнеркәсіптік-технологиялық негіздерді құру;
- сапаны, ассортиментті жақсарту және өндіріс шығындарын төмендету есебінен өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы:
Арнайы экономикалық аймағын құру жоғары технологиялық өндірістер мен технологияны дамытуға, республиканың ғылыми және техникалық әлеуетін пайдалануды ұлғайтуға, тоқыма өнеркәсібі саласында бәсекеге қабілетті өнімнің жаңа буынын әзірлеу және өндіру үшін технологиялық негіз құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
371-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**""Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 200000 мың теңге (екі жүз миллион теңге).
2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы ; "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 12 сәуірдің 2004 жылғы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы ; "Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 616 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканы әртараптандыруға және жоғары қосылған құны бар тауарлар өндірісін ынталандыруға бағытталған Қазақстан Республикасының сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру; Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруі және Қазақстанның экономикалық негізделген шарттарда басқа да өңірлік интеграциялық бірлестіктерде мүшелігі; қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктарға қолжетімділігін кеңейту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның сыртқы және ішкі саудасын дамытуға бағытталған сапалы талдау және зерттеулерді жүргізу; сауда саясаты мәселелері жөніндегі сыртқы экономикалық қызметтің мүшелеріне консультация беру; отандық бизнесті ДСҰ ережелерімен таныстыру жұмыстарын жүргізу; қажетті хабарламаларды беру мәселелері және жалпы қолданудың сауда шараларына қатысты ДСҰ-ға қатысушы елдердің мәселелеріне жауаптар жөнінде ДСҰ Хатшылықтарымен өзара іс-қимыл.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | "Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ-ның жарғылық | "Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ-тың жарғылық капиталын қалыптастыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, "Сауда саясатын дамыту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | капиталын қалыптас-тыру | | | орталығы" АҚ |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: " Сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту халықаралық және ішкі сауда саласындағы жоғары білікті, соның ішінде сауда саласындағы экономикалық салдарын сапалы талдауды жүргізу үшін шетел мамандардың тобын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
Түпкі нәтиже: Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі және Қазақстанның экономикалық негізделген шарттарда Қазақстанның экономикалық өсіміне бағытталған басқа да өңірлік интеграциялық бірлестіктерде мүшелігі, икемді кедендік-тарифтік саясатын қолдану, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру, басқа өңірлік интеграциялық бірлестіктерде мүшелік процесі шеңберінде қабылдайтын міндеттемелердің сапасын арттыру қажеттігі; елдің экономикалық дамуында сапалы серпілісі үшін Қазақстанның әлем экономикасына ойдағыдай интеграциясы.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Қазақстанның ДСҰ-ға кірудің және Қазақстан экономикасының дамуына арналған Қазақстанның басқа өңірлік интеграциялық бірлестіктерде мүшелігінің теріс салдарын барынша азайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
372-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация құру жөніндегі іс-шараларды өткізу" деген**
**021 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 14000000 мың теңге (он төрт миллиард теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222

қаулысы ; "Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 483 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аумақтық дамуды жеделдету және өңірлік дамуға екпін түсіре отырып, Қазақстанда қалыптасқан жағдайларға барынша бейімделген өңірлердің, шикізаттық емес секторлардың бәсекеге қабілетін арттыру мақсатында Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 214 қаулысымен.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кластерлік даму, өзін өзі ұйымдастыру және ішкі ресурстарды жұмылдырудың, әлеуетті инвесторларды экономиканың шикізаттық емес секторларына тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың тетіктерін енгізу жолымен өңірлік Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және дамыту.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 214 қаулысымен.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | 6 Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталын қалыптастыру: 1. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың офистерін ашу және ұстау: а. 6 орталық; б. 7 филиал. 2. Мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау және олардың негізінде жаңа бәсекеге қабілетті өндіріс-тер мен техноло-гияларды дамыту бойынша іс-шара-ларды ұйымдастыру | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
